


Келісілді: 
Умники» бөбекжайы
Әдіскер: Арыстанова.Қ.Ғ.

Бекітсін: 
«Умники» бөбекжайы
Директор: Смаилов.А. А



Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары.

(№1 педагогикалық кеңес хаттамасында қаралды. 28. 08.2024 ж)

«Айгөлек » Ересек тобы.

Тәрбиешілер: Калимуллина.Л.Н.
Алагузова.М.О.

Түсінік хат

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:**

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды **дамыту моделі**»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспарларын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу бағдарламаларын** бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы**;

- 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттамасы).

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша
Сөйлеуді дамыту	Дауысты, дауыссыз дыбыстардың анық, таза, әрі түсінікті дыбыстап айта білу біліктерін дамыту. дұрыс айту дағдыларын бекіту. Артикуляциялықаппараттыжетілдіру.Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын сөйлеуді, жылдам сөйлеуді меңгерту, сөйлеу қарқынын өзгерте отырып тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.Ойлау қабілеттерін дамыту.Дикция бойынша жұмысты жалғастыру, сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Тілін ұстарту, өз құрдастарына, үлкендермен сөзбе-сөз қарым қатынас жасауға, сұрақ қойып жауап ала білуге дағдыландыру.Өлең мазмұны арқылы табиғаттағы заттардың барлығы өзара байланыста болатындығы жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғат тамашаларын айта отырып, сөздік қорларын байыту. <i>Күтілетін нәтиже:</i>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтады, ақырын, жылдам сөйлейді.
Көркем әдебиет	Балалардыңтүрліәрекеттеріндеертегілерді,әңгімелерді,өлеңдердітыңдауға,көркем сөзге,кітапқақызығушылыққа баулу.Тыңдалғаншығарманыңмазмұнынқайталапайтуға,қысқаөлеңдерді, санамақтардыжатқаайтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,кейіпкерлерінежанашырлық танытуға баулу .Әңгімелердің ,өлеңнің мазмұнын түсініп,сұрақ – жауапойын арқылы тапсырманы орындауды үйрету. <i>Күтілетін нәтиже:</i>Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады.
Қазақ тілі	Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша
Математика негіздері	Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі,өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай –ақ салыстыру.Екі қатарда тұрған заттар тобын салыстыруды үйрету.Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы салыстырып санау . «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.Үлгі бойынша санау, екі топтағы заттарды теңестіру,заттың орналасу ретін сөзбен баяндай алу қабілетін нығайту.Қағаз бетіне бағдарлай алу. <i>Күтілетін нәтиже:</i>Кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды..Қарапайым себеп-салдарлық байланысты орнатады .
Сурет салу	Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға, пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуға баулу.Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді қалыптастыру. Суретті салуда өз еркімен бояу түстерін тандай білуге мүмкіндік беру. Толық, тегіс бояуға үйрету. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.Суретті әдемі бояуға жаттықтыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Суреттерді қылқаламмен қаламмен бояу тәсілдерін біледі. Қылқаламды үстінен баса отырып жуан сызықтарды, ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізеді.
Мүсіндеу	Ермексаз,сазбалшық,пластикалықкесектерденәртүрлітәсілдердіқолданыпбейнелердімүсіндеу. Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып толық пішін пайда болғанға дейін жиектерін ию.Жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу..Баланың мүсін жасауға деген ынтасын дамытып, еңбекқорлыққа ұстамдылыққа тәрбиелеу.Ермексазды түрлі түсті иілгіш материал ретінде таныстыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды. Ермексаз,сазбалшық,пластикалық кесектерден әртүрлі

	тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді.
Жапсыру	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және олзаттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді жапсырудағыларын қалыптастыру. Майлық пен желімді қолдануды, қағаздың қасиеттерін үйрену. Қолдарының кіші моторикасын және мұқияттылықты жетілдіру. Шыдамдылық пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Шығармашылық ойлау, көзбен қабылдау, аппликация техникасында ұсақ бөлшектермен жұмыс жасау қабілеттерін жетілдіру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Қайшыны дұрыс ұстайды және оны қолдана алады
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру; Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып пластиналарды тігінен құрау; кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру; құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату; текше, пластина, кірпіш, блоктың сапасын ажыратуға үйрету; көлемі мен пішіні бойынша таңдау; Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру; құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау баулу; Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау; ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою; құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. <i>Күтілетін нәтиже:</i> құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдаланады.
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша
Қоршаған ортамен таныстыру	Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелесу, Өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі, отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытады.

Тәуелсіздік дәнеи Отаншылдық айы

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы, 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша
Сөйлеуді дамыту	Өз ойларын дұрыс жинақтап қысқаша әңгіме құрай білуге үйретуді жалғастыру арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Сөйлеу қарқынын өзгерте отырып тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Сөз ішіндегі дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру. Балалардың сөздік қорын заттардың (көлемі, түсі, пішіні, қандай материалдан жасалғаны және не үшін керектігі) білдіретін сөздермен толықтыру. Күз мезгілі туралы білімдерін арттыра отырып, түрлі сұрақтарға жауап беруге үйрету. Отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейте отырып, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс, анық айтады, естіген дыбыстарды дұрыс айтады.
Көркем әдебиет	Шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді, санамақтарды жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді дұрыс қолдана білуге және есте сақтауға баулу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету. Отбасында үлкенге – құрмет, кішіге – қамқорлық жасауға баулу. Отбасы мүшелерін атай білуге, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлуге баулу. Мақал – мәтелдеріндегі ұлағатты сөздерді меңгерту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады. Дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртады.
Қазақ тілі	Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша
Математика негіздері	1 цифры туралы білімдерін бекіту. Цифрды заттың санымен салыстыруға үйреу. «Тез», «баяу» түсініктері туралы білімдерін пысықтау. Таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыру және оларды сол белгілеріне қарай біріктіру үшбұрыштың көлемі жағынан әртүрлі болатыны туралы түсінік қалыптастыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Ағаштың суретін сала білуге үйрету. Ағаштың құрылысына ерекшелігіне сәйкес оның бөліктерін бір-біріне қатынасын дұрыс бере білуді үйрету. Көріністі қабылдауын дамыту. Түстер мен ырғақты сезіне білуге тәрбиелеу. Сурет салуда батыл қимыл-қозғалыс жасай білуге тәрбиелеу. Жемістер (алма, алмұрт, шие,) суретін сала білуді үйрету. Саусақ қимыл қозғалыстарын еркін пайдалануға, түстердің үйлесімділігін сезінуге баулу. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады. Заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады.
Мүсіндеу	Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Үлгі бойынша көлеміне қарай ермексаздың бір бөлігінен әртүрлі қалыптағы форманы өзінің ерекшелігіне қарай жасап, дағды қалыптастыру. Ермексаздың бір бөлігін алып, балаға әрбір көкөністің ерекшелігіне қарай екі қолмен сәбіз бен қызылша жасауды үйрету, ондағы ұсақ жұмыстарды саусақтың көмегімен атқару. Ермексаздың түсі мен оның құрамына мән беру. Қолдың бұлшықетін шынықтыру. Баланың мүсін жасауға деген қызығушылығын оятып, еңбекқорлыққа, ұстамдылыққа тәрбиелеу. Формасы жағынан әртүрлі заттарды қалыбы бойынша жасап, оның

	ерекшелігін көрсету және оны дамыту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Мүсіндеуде кескішті қолданады.
Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тік бұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып безендіру дағдыларын дамыту. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Текшеден дөңгелек пішін, тік бұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды.
Құрастыру	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеуге баулу; қағазды шиыршықтауға дағдыландыру; қағазды көлемі пішініне байланысты құрастыру; орамдарға, ілмекке айналдыра білу; бұрыштарын және қырларын біріктіру; қағаздарды желімдеуге үйрету; бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруға қалыптастыру; «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша
Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақ тарту, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Табиғат құбылыстарын атайды және ажыратады. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілейді. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру.

Әділдік және жауапкершілік айы

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы, 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша
Сөйлеуді дамыту	Артикуляциялық аппаратты жетілдіруді жалғастыру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді меңгерту, сөздік қорларын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөйлеу қарқынын өзгерте отырып тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру, сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді – антонимдерді енгізу. Шағын тақпақтарды жаттауға жаттықтыру. Күз мезгілінің табиғат ерекшеліктерін меңгерте отырып тіл мәдениетін қалыптастыру. Шығармашылықты әңгіме құрастыруды жетілдіру, Картинадағы нақты нысананы бөліп алуды және оған ат қоя білуді, жұмбақ мазмұнын аша білуге үйрету. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Белгілі дыбысқа ауызша сөздер айтады.
Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауға, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалауға дағдыландыру. Жылдың төрт мезгіліндегі құбылыстарды салыстыруға және айыра білуге баулу. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Ертегі, әдеби шығармалардың мазмұнын түсініп, олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айтуға шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу. Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін қалыптастыру. Табиғат әсемдігін көре білуге, оны әңгімелеуге баулу, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай алады. Шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды.
Қазақ тілі	Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша
Математика негіздері	Заттарды санына қарай салыстыру, бір зат пен көп затты айыру қабілетін нығайту, санаудың дұрыс тәсілін қолдана отырып заттарды санау (2 саны көлемінде), солдан оңға қарай санау, сандарды ретімен атау, сан есімді зат есіммен сәйкестендіру, екі топтағы заттарды бір-бірімен салыстыру, оларды теңестіру, таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші) салыстыру, оларды өз белгілеріне қарай біріктіру. Жұмбақты берілген тапсырмалар негізінде шешуге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> 2 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды. Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие.
Сурет салу	Балалардың қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру. Ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру. Сурет салудың дәстүрлі емес техникасына қызығушылығын қалыптастыру (қағаз бетінде жапырақ іздері). Іздер арқылы заттың бейнелілігін көрсетуге, суретті қағаздың ортасына орналастыруды үйрету. Күзгі бояулар туралы түсінігін бекіту. Гуашь бояумен сурет салу. Қоршаған ортадан түстің көркемділігін көре алу дағдыларын дамыту.

	<i>Күтілетін нәтиже:</i> Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды.
Мүсіндеу	Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.Формасы жағынан әртүрлі заттарды қалыбы бойынша жасап , оның ерекшелігін көрсету және оны дамыту.Белгілі бір нәрсені жасап ,оны безендіруге үйрету.Қиялын дамытып , ырғақты сезіну . Затты әшекейлеуге деген ықыласын арттыру, ұқыптылыққа , эстетикалық талғаммен жасауға тәрбиелеу.Байқағыштығын, образды түрде қабылдау қасиетін дамытып , қолының икемін келтіру . Бар ынтасымен жасауға тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады.
Жапсыру	Дайын пішіндерден жиһаздың, ыдыстардың, көліктердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.Үлкендер дайындаған элементтерді орналастыруды және жабыстыру, оларды қағаз бетіне бір-біріне сәйкес орналастыру арқылы бейне құрастыруды үйрету;жапсыруға қажетті заттардың атауын бекіту, желім, қағаз, майлық ,клеенка. Бөлшектерді жабыстыру дағдысын жетілдіру. Білуге құмарлық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу.Дайын суреттердің бөліктерін ажыратып , оларды атайды.,бөліктердің түсін атайды . <i>Күтілетін нәтиже:</i> Жиһаздың, ыдыстардың, көліктердің пішіндерін түрлі тәсілдермен қияды.Бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді.
Құрастыру	Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту.Құрлыс жобасын бірлесіп ойластыру , Жиһаз жайлы білімдерін бекіту, жиһаздың түрлерімен , оның пайдасы туралы мағлұмат беру .Жиһаз құрастыруда құрылыс материалдарын пішіндері мен түстеріне сәйкес дұрыс тандап , пайдалана білуге үйрету , үй жиһаздарын ұқыпты ұстай білуге тәрбиелеу.Саңырауқұлақ жайлы білімдерін бекіту,саңырауқұлақты табиғи материалдардан жасай білуге және оны жасауда пішіндерді дұрыс қолдана білуге үйрету <i>Күтілетін нәтиже:</i>Табиғи және қалдық құрылыс заттардан құрастырады.
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша
Қоршаған ортамен таныстыру	Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу.Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау);табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау) .Бағдаршам түстерінің белгілеріне қарай көшеден өту дағдыларын жетілдіру . Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер туралы ұғымдарын кеңейту. Сюжетті- рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімдерін бекіту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Көлік түрлері мен жол түрлерін атайды. Қоғамдық көліктегі мінез – құлық мәдениетінің ережелеріни біледі, жолда жүру ережелерін біледі.

Бірлік және Ынтымақ айы

Жоспардың құрылу кезеңі : желтоқсан айы, 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша
Сөйлеуді дамыту	Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету .Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді қолдану..Сөздік қорды мағынасы қарама- қарсы антоним сөздермен байыту.Заттардың атауларын дұрыс атауға үйрету,олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту.Аталған заттарды қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.Заттарды топтастыра суреттеуге үйрету.Жаңа жылдық мейрам туралы түсінік бере отырып ,сөздік қорларын байланыстырып сөйлеуін дамыту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын біледі
Көркем әдебиет	Шығармаларды оқып беру арқылы түсініктерін қалыптастыру.Диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге дағдыландыру.Қазақстан Республикасы туралы әңгімелеу.Балалардың ой –өрісін дамытып, еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншіліктерін артыру.Балаларға қала, ауыл және ел ордасы туралы түсінік беру .Отан , туған жер туралы мақал –мәтел , тақпақтар жаттатқызу.Сөздік қорларын молайту, тіл байлығын дамыту .Суреттер бойынша еліміздің көрікті жерлерін таныстырып, туған елін, жерін сүйе білуді түсіндіру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Тақпақтарды , мақал- мәтелдерді , өлеңдерді мәнерлеп , жатқа айтады.
Қазақ тілі	Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша
Математика негіздері	Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (тәнертең, күндіз, кеш, түн)олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін », « кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.3 цифрын таныстыру. 3 санын өзге цифрлардың арасынан табу.Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді жалғастыру.1,2,3 цифрларын дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыру.Өзіне таныс заттарды биіктігіне (биік-аласа) қарай салыстырып , оларды сол белгілері арқылы салыстыру қабілеттерін дамыту. Бір- біріне ұқсас екі затты салыстыру арқылы баланың зейінін дамыту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> «бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратады.
Сурет салу	Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын

	беру. Өзіндік ерекшеліктерін, пішінін , дене мүшелерінің орналасумен үйлесімділігін ескеріп, жануарларды үлгі бойынша бейнелеуге үйрету. Дене құрылысын көрсетіп, қоянның суретін салуға үйрету. Қолдың ұсақ бұлшық етін дамыту, дене мүшелерінің пропорционалды ара- қатынасын көрсету дағдыларын дамыту. Гуашь бояуымен сурет салу дағдыларын бекіту, суретте әуелі меңгерілген дағдылар мен тәсілдерді қолдана білу. Танымдық қызығушылыққа , сурет салу ықыласына, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Шырша бұтақтарын салуға үйрету және оны жаңа жылдық ойыншықтармен безендіру, суретте мерекелік көңіл –күйді көрсету. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Сюжеттік композицияларды салады. Әрбір затқа тән ерекшеліктерді ,олардың бір-біріне арақатынасын жеткізеді.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану.Ермексаздың бір бөлігінен өзіне таныс формасы мен көлемі жағынан әртүрлі заттарды жасап үйренуге дағдыландыру. Әртүрлі құралдардың көмегімен ермексаздың тұтас бөлігін алып, оны созып қысу арқылы күрделі құралдарды жасап үйрену. Құрамдастыру әдісі арқылы аққала жасауды үйрету. Дөңгелектерді бір-біріне қосып , жабыстыру . Өзінің ойы арқылы көлеміне қарай бөлшектерді сәйкестендіріп, толықтыруға үйрету ,қолының икемділігін дамыту .Шығармашылық әлеуетін арттыруға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Мүсіндеуде қысу, тарту, басу тәсілдерін қолданады.
Жапсыру	Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. Сұлбаның бетін ірі және ұсақ бөлшектермен сәндеуді үйрету, Шығармашылық ойландыру, көзбен қабылдау, аппликация техникасында ұсақ бөлшектермен жұмыс жасау қабілеттерін жетілдіру. Өзіндік қасиетке , ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаңа жылдық мерекенің ерекше белгілерін үйрету. Атқарылған жұмыс бойынша пікірлерін білдіруді қалыптастыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Қысқа және ұзын жолақтарды қияды.
Құрастыру	Құрдастар арасында міндеттерді бөлісу , түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану , командамен бірге нәтижеге қол жеткізу , дайын құрылысты талдау. Қалдық заттарды пайдаланып , Жаңажылдық шырша ойыншықтарын жасауды үйрету, оны көркем безендіру арқылы балалардың көркемдік талғамын дамыту. Еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. Қағазды уағдау арқылы қар кесегін және аққаланы жасай білуге үйрету, қоршаған ортамен таныстыру, кеңістікте бейнені дұрыс орналастыра білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Жіппен жұмыс жасай білуге үйрету , қиылған жіптерден Аққаланың бейнесін жасауда саусақ қимыл қозғалыстарын дамыту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды.
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша

Қоршаған ортамен таныстыру	Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Отан қорғаушылар,Қ Р әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйуге , патриотизмге тәрбиелеу. Ертегідегі жабайы аңдар ,олардың сыртқы түрі ,қозғалуы , тіршілік ету ортасы, азығы , қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. <i>Күтілетін нәтиже:</i>Мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарайды.,өз Отанын – Қ Р мақтан тұтады.Ертегідегі жабайы аңдарды., олардың сыртқы түрі ,қозғалуы , тіршілік ету ортасы,азығы , қысқа бейімделуін біледі.
-----------------------------------	---

Заң және тәртіп айы

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы, 2024- 2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудекүнделіктікөпқолданылатынсынетістіктерді, есімдіктерді,үстеулерді қолдану.Сөздікқордызаттартобынбілдіретінжалпылаушысөздермен(ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында) сөздерімен байыту.Осы заттардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.Диалогтік сөйлеуді жетілдіру.Балаларды әңгімеге қатысуға дағдыландыру ,оларға диалогке қатысуы үшін түсінікті сұрақтар қою. Қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді , етістіктерді ,үстеулерді, қосымшаларды қолданады.
Көркем әдебиет	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып ,ертегі,әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.Ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын , соңын ойдан құрастыруға баулу . Сұраққа жауап беру арқылы тапсырманы орындауды дағдыландыру .Әдеби шығармалар арқылы балаларды имандылыққа, мейірімділікке, кішіпейілдікке тәрбиелеу, әдептілікке баулу.Қиялдап, ойдан әңгіме құрауға үйрету. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап ,ертегі, әңгіме құрастырады.
Қазақ тілі	Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша
Математика негіздері	Балаларды геометриялық фигураларды , денелерді танып ,атай білуге үйрету. Пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып , салыстыру нәтижелерін атау.Математикалық жұмбақтарды шешу дағдыларын арттыру. Заттар тобын тең немесе тең еместігін анықтауды жалғастыру.Өзіне таныс заттарды еніне қарай салыстыру (кең, тар), тіктөртбұрыштуралы білімдерін пысықтау.Оны өзге геометриялық фигуралардың ішінен табу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратады және атайды .
Сурет салу	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдану. Қоршаған ортаның сұлулығын эмоциялық-эстетикалық қабылдау, дағдыларын бекіту; бұрын алынған дағдылар мен білімдерді дамыту.Қыс келбетін салуды , жұмысты жоспарлауды, түрлі –түсті қарындаштармен ұсақ суреттерді бейнелеуге үйрету.Жан- жаққа бағытталған қиылысатын сызықтар (ұлпақар) , доғал, жан –жаққа бағытталған түзу және қиылысатын сызықтар салып үйрену.Дәстүрлі емес сурет салу техникасын қолдана отырып , аяз салған өрнектерді салуды үйрету: майбалауыз шаммен немесе дымқыл жазықтықта. Бейнелі түйсігін , қолдың ұсақ моторикасын , тәжірибеде бейнелеу үшін әр түрлі тәсілдерді қолдануды дамыту. Табиғаттың қарапайым құбылыстарын бейнелеуге қызығушылықтарын ояту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады.

Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру , пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Пирамиданың мүсінін жасау үшін алақан мен саусақтарды пайдалана отырып ,бөлшектерді көлеміне қарай салыстырып ,оны кему ретімен жасап үйрену. Үлгі бойынша көлеміне қарай ермексаздың бір бөлігінен әртүрлі қалыптағы форманы өзінің ерекшелігіне қарай жасап, дағды қалыптастыру.Ермексаздың түсі мен құрамына мән беру . Қолдың бұлшықеттерін шынықтыру .Әрбір затқа мән беріп , түйсікпен жасай алу керек. <i>Күтілетін нәтиже:</i>Бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып , пропорцияларды сақтай отырып , бөліктерді байланыстырады.
Жапсыру	Композицияны жапсыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Желімді заттың бетіне жағуды , сұлбаны ақырын аударуды бөлшекті ортасынан шеттеріне дейін тегістеп жапсырмалы беттерді қойып басуды үйрету. Жапсыруға қажетті құралдарды дұрыс пайдалануды бекіту Зейінді , қолдың кіші моторикасын ,бөлшектің беткі және артқы жағын ажырата білуді жетілдіру. Еңбекқорлыққа , танымдық қасиетке тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қиып жапсырады.
Құрастыру	Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап ,ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.Балаларға қағазды умаждау арқылы құстың бейнесін жасай білуге , умаждалған қағазды белгіленген жерге дұрыс орналастыра алуға үйрету. Құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, қағазды қос бүктеу, пішініне сәйкес әшекейлей білуге баулу. <i>Күтілетін нәтиже:</i>Қағаз парағын түрлендіреді .
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша
Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың«Мен»бейнесінқалыптастыру.Баланыөсіп,жетілгенересекбаларетінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру,жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағытуралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін,менересекболамын»).Мектептуралыбастапқытүсініктердіқалыптастыру(мектепкебаруғаынтасын,қызығушылығынарттыру).Өзініңатын,тегін,жасын,жынысынатайбілугеүйрету,өзінқұрметтеуге,өзқадір-қасиетінсезінуге,өзінедегенсенімділікке тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Бала өзінің «Мен » бейнесін көрсетеді , ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді,өзімен санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатады .

Жасампаздық және жаңашылдық айы

Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан айы, 2024-20245 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша
Сөйлеуді дамыту	.Балалардың әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша ойылымдарды сахналауға үйрету. Сұраққа жауап беруде, ертегі жолдарын қолдану арқылы, толық сөйлеммен айта білуге үйретуді жалғастыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Бейнеленген суреттер, бұйымдар бойынша әңгімелер құрастырады. Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтады.
Көркем әдебиет	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың дүние танымын кеңейту. Достыққа, татулыққа, бауырмашыл болып өсуге үйрету. Өзара татулық сезімдерін дамыту. Көркем әдеби сөйлеуге тәрбиелеу. Өлеңді жатқа айта білу арқылы көркем әдебиетке қызықтыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Шығармаларды зейін қойып тыңдап, эмоционалды қабылдайды.
Қазақ тілі	Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша
Математика негіздері	Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу. Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). 4 көлеміндегі заттарды санау қабілетін нығайту. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйретуді жалғастыру. Бір-бірінен әртүрлі арқашықтықта орналасқан заттар тобын теңестіруді үйрету. Айналадағы заттардың сұлбасынан геометриялық фигураларды көре білуді үйрету. «алдында», «үстінде», «астында», «артында» түсініктерін бекіту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады.
Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Үшбұрыш және шңбер көмегімен ғарыш нысандары мен зымыранды бейнелеуге үйрету. Көз мөлшерін, құрылымдық ойлау өрістері дағдыларын дамыту. Суретте таныс геометриялық пішіндерді қолдана отырып, үйшікті бейнелеуге үйрету. Қарындашқа орынды басу және сұлбадан шығармай бір бағытта суретті үздіксіз бояу дағдыларын бекіту. Қолдың көру-қозғалушы координациясын, қағаз бетін оңай бейімделуін, шығармашылық ойлау өрісін дамыту. Ұқыптылыққа, сурет салуға

	ықыластыққа және басқаларға көмектесу, ынталылыққа тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Өзінің және басқа балалардың жұмыстарын бағалайды.
Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Халық шығармашылығынанобразды ойыншықтарға деген қызығушылықтарын арттыру.Ойын жағдаятын құру үшін балаларға филимондық ойыншық мотивіндегі құсты жасауға үйрету, қиялдауға ,бастаған ісін аяқсыз қалдырмауға үйрету.Ілімділік әдіспен дамыта алуы, шығармашылық ойы мен эмоционалдық көрінісін дамытуы. Эстетикалық талғамы мен танымдық жағынан қызығушылығын арттыруға тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына қарапайым композициялар құрастырады .
Жапсыру	Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды,пішінін ескере отырып ,тұрмыстық заттарды ,ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. Бір бөлшекті екіншісіне орналастырып ,жабыстыру арқылы затты аппликациялық бөлшектермен бейнелеу қабілеттерін қалыптастыру. Бөлшектерді көлемі бойынша салыстыруды , кіші бөлшекті үлкен бөлшектің үстінеортасына орналастырып жабыстыруды үйрету. Геометриялық пішіндерді бекіту. Көз мөлшерімен шамалауды , зейін қоюды кеңістікте және қағаз бетінде дұрыс бейімдеуді жетілдіру. Мақсаттылыққа және бастаған жұмысты сқңына дейін жеткізуге тәрбиелеу <i>Күтілетін нәтиже:</i> Геометриялық пішіндерден бөлшектерді қияды ,оларды кезектестіріп ретімен желімдейді.
Құрастыру	Құрастыруда қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату, оларды сапасы бойынша ажырату , көлемі мен пішіні бойынша таңдауға баулу. Құрылыс материалдарынан хайуанаттар бағын құрастыра білуге үйрету , құрылыс материалдарын дұрыс орналастыра алу дағдыларын қалыптастыру. Хайуанаттарға қамқорлық жасай білу сезімдерін тәрбиелеу.Үй құрастыру арқылы үйдің біржәне бірнеше қабатты түрлерімен және олардың бөліктерімен таныстыру. Балаларды бірізділікпен жұмыс жасай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Құрастырылған құрлыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды.
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, коректенуі,адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста – құстарды коректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады , олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды біледі.

Тәуелсіздік және Отаншылдық айы

Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз айы, 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша
Сөйлеуді дамыту	Балаларды қазақ халқының дәстүрімен таныстыру. Халқымыздың қонақжайлылық, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін дәріптеу. Осы дәстүрлерді үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Дәстүрге байланысты тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Сөздік қорды кеңейту. Үйге қонақ келетінін қалай болжауға болады? Қонақ келгенде сенің көңіл күйің қандай болады? Әңгімеге қатысуға баулу. Ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіртін сөздермен қорды байыту <i>Күтілетін нәтиже:</i> Қазақтың ұлттық тұрмыстық заттарын таниды, атайды. Қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді.
Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға баулу. Образды бейнелеу үшін мәнерлік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға үйрету. Наурыз – жыл басы, көктемнің алғашқы мерекесі. малдар төлдеп, ағаштар бүршік атып, тіршіліктің оянған кезі екенін түсіндіріп, ой – өрістерін кеңейту. Балаларды Б. Соқпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» әңгімесімен таныстыра отырып, ағаштар және олардың пайдасы туралы жан-жақты мәлімет беру. Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту. Ұлттық салт – дәстүрді қадірлей білуге тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Сахналық қойылымдарға қатысады. образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады.
Қазақ тілі	Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша
Математика негіздері.	5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымы негізгі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемін дөңгелек және кері санауға жаттықтыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> 5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды.
Сурет салу	Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, сәндік – қолданбалы өнерге қызығушылықтарын дамыту. Ұлттық өрнектер үшін типтік айқын реңктерді қолдана отырып, қазақ ою-өрнектерінің үш элементтерін үйлестіріп, дөңгелек пішінді заттарды безендіруді үйрету. Ойлау, ырғақ сезімін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ыдыс – аяқ кескінін қазақ ою-өрнегімен безендіруге үйрету, оқушыларды «тышқан ізі» ою-өрнектерімен таныстыру. Сәндік – қолданбалы өнер туындылары негізінде безендірілген заттарға қызығушылығын арттыру. Сопақ пішінді ыдыс-аяқтың (астау) бөлшектерін қазақ ою-өрнегінің элементтерімен безендіруге үйрету. Саусақпен дәстүрлі емес сурет салу техникасының көмегімен ұлттық өрнек үшін типтік айқын реңкін көрсетіп, суретті бір қалыпты және жүйелі түрде бояу дағдыларын бекіту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады.

Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Халық бұйымдарының мотиві бойынша ыдыс жасауды үйрету. Ұсақ бөлшектермен дайын қалыптарды безендіруді үйрету. Шығармашылық әлеуетін арттыру және алынған нәтижелер бойынша дағдыны әрі қарай жетілдіру. Халықтық кәсіпке деген қызығушылықтарын арттыру, жасалған затты безендіруге талпыныс жасау. Тәрелкені қалыпқа салып жасауды, стектің көмегімен безендіруді, жапсыруды және геометриялық сызық, нүкте, өрнек салуды үйрету. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылық танытады.
Жапсыру	Ұлттық ою – өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіруді таныстыру. Өрнек элементтерін шаршы пішіннің бетіне, бөлшектердің түсін, пішіні мен көлемін ескере отырып, орналастыру және жабыстыру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық элементтерден өрнек құруды, өрнекті шаршының бұрыштары мен ортасына орналастыруды үйрету; шеңбер, шаршы геометриялық пішіндерінің атауларын бекіту. Зейінді, қолдың кіші моторикасын, ойлау қабілеті мен көзбен қабылдауды жетілдіру. Ұқыптылыққа және эстетикалық талғамға тәрбиелу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылық танытады.
Құрастыру	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары) таныстыру; тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру; олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу; Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) құрастыру; қалдық (қаппақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыруға баулу. Шығармашылық қиялды дамыту; көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдау; ойдан құрастыруға мүмкіндік беру; Ұқыптылыққа тәрбиелеу; Қауіпсіздік ережелерін сақтау. <i>Күтілетін нәтиже:</i> қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, тұрмыстық заттарын, олардың қандай материалдан жасалғанын біледі; табиғи және қалдық заттардан құрастырады тәрбиелеу.
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша
Қоршаған ортамен таныстыру	Балалардың небекетуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтар үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Ойыншықтарын жинауда тәрбиешіге көмектеседі, бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді, ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытады.

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы, 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша
Сөйлеуді дамыту	Сөйлемді сөздерді байланыстыруға , көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға , оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде , зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір)Мәтіннің мән мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету, балаларды сын есім мен зат есімнен туған сөздердің дыбысталуына қарай көңілдерін аудару.Ойлау қабілеттерін дамыту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтады, сан есімдерді ретімен атайды , оларды ат есімдермен септіктерде , жекеше және көпше түрде байланыстырып айтады.
Көркем әдебиет	Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл – салмақты) ынталандыру. Табиғатты қорғай білуге үйрету. Әңгімедегі жағымсыз кейіпкердің бейнесін саусақ театры арқылы көрсете отырып балалардың дүние танымын кеңейту.Жаңылтапаштар айтқызу,жұмбақтар шешкізу.Шағын өлеңдерді мәнерлеп айтуға баулу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Еркін ойындарда таныс кейіпкерлерді басқа қырынан көрсетуге тырысады.
Қазақ тілі	Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша
Математика негіздері	Балаларға өзіне таныс заттарды көлеміне, ұзындығына қарай сөйлеуде сын есімдерді қолданып,салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау- қысқалау, кеңдеу-тарлау немесе ұзындығы, ені,биіктігі,қалыңдығы бойынша) салыстыра алу дағдыларын дамыту. Геометриялық фигура –сопақша туралы білімдерін пысықтау,оны өзге фигуралардың арасынан табу.Берілген тапсырмаларды түсініп,оны өз бетінше орындау қабілеттерін қалыптастыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Екі затты ұзындығы ,ені және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады.
Сурет салу	Пішінін ескере отырып ,элементтер бірізділігін,олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау .2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Сурет салғанда бір бояудың үстіне екінші бояуды жағуға үйрету ; композиция құра білуге баулу,қиялын дамыту. Бейнелерді қағаз бетіне түсірудің түрлі техникасын пайдалануға машықтандыру ,іскерлікке , еңбек етуге тәрбиелеу. Заттарды саусақпен және алақан іздері көмегімен салуды үйрету , суретті қағаздың бүкіл бетінде орналастырып , сюжет құрастыру. Бейнелі ойлауын , назар аудару қабілеттерін дамыту.Ұқыптылығын, достық қарым-қатынас , өз еңбегінің нәтижесіне қуана алу қабілеттеріне тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Заттарды пішінін , түсін ескере отырып салады.
Мүсіндеу	Дайын мүсінді дөңгелек ,сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі элементтермен безендіру.Ермексаздың кесектерінен азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын , жеке жұмыстарды ұжымдық композицияға біріктіру дағдыларын қалыптастыру . Нан өнімдерін бауырсақтар (шар), печенье (диск), тоқаш (сақиналар) мүсіндеуді үйрету. Бұрын өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту : шиыршықтау, домалату, жаю, жалпайту , бөлшектердің жиектерін біріктіру ,бөлшектердің біріктірілген тұстарын тегістеу. Түрлі заттардың

	бедерлемесінің көмегімен мүсіндейтін заттарға өрнектерді түсіру дағдыларын дамыту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Мүсіндейтін затты қолына алып, зерттейді оның өзіне тән ерекшеліктерін беруге тырысады.
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Тәрбиешінің үлгісі бойынша бөлшектерді орналастырып, жабыстырады, ертегі кейіпкерлеріне көмек көрсету ынтасын баулу. Үйдің құрылымдық бөліктерін ажыратып, оларды атай алуға үйрету. Жұмыс барысында балалар халық шығармашылығы мен танымал суретшілердің, шебер қолөнершілердің еңбектерінің үлгілерімен танысады. Аппликация жасудағы техникалық дағды мен икемділікті дамыту. Көктемгі табиғаттың әдемілігін байқауды, бөлшектерді ойдағыдай қылып орналастырып, жабыстыруды үйрету. Эстетикалық талғам мен көктемгі табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды..
Құрастыру	Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұлу қабыршағын пайдаланып балықтарды жасай білуге үйрету. Балықтардың түрлері туралы түсініктерін дамыту. Балабақша ауласындағы құралдарды құрылыс материалдарынан жасай алуға үйрету, ауладағы құралдарды құрастыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, Өздері ойнайтын құрал жабдықтарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың қала көшелері туралы білімдерін бекіту, Құрылыс материалдарынан қала көшелерін құрастыра білуге үйрету және өзәнің тұратын қаласы жайлы мағлұмат беру. Қала көшелерін құрастыруға қажетті заттарды дұрыс қолдануға және жол ережелерін сақтай білуге тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Заттарды өз бетінше тандап, ойдан құрастырады.
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша
Қоршаған ортамен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл,) туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Табиғат бұрышындағы бөлме гүлдеріне күтім жасауға баулу. Адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін түсінеді.

Жоспардың құрылу кезеңі : Мамыр айы, 2024-2025 оқу жылы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша
	Балаларды суретке байланысты әңгіме құрастыруға баулу, Шағын тапқақтарды жатқа оқуға , балалардың айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға, әңгімеге араласып ,сұрауға және сұраққа жауап беруге деген білігін дамыту.Сөздік қорды жаңа сөздермен байыту, олардың атқару қызметін ұғындыру.Балаларды таныс әдеби шығармаларды сахналауға атсалысуға ұмтылдыру.ондағы кейіпкерлер бейнесін еркін түрде көркем шеберлікпен сомдай білу білігін дамыту.Ойлау қабілеттерән дамыту. <i>Күтілетін нәтиже:</i>Бейнеленген суреттер, бұйымдар бойынша әңгімелер құрастырады. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды.
Көркем әдебиет	Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын өз бетімен ретімен қайталап айтуға , өзінің тәжірибесіне сүйеніп,суреттер бойынша әңгіме құрастыруға ,берілген сурет бойынша оған дейінгі және кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.Өткенді қайталап еске түсіру мақсатында «Жабайы аңдар» (сурет бойынша әңгімелеу). Жабайы аңдар туралы білімдерін кеңейту, олардың тіршілігін сипаттап, аттарын айтып , сөздік қорын байыту.Оларды қорғауға , қамқор болуға тәрбиелеу.Үй жануарлары туралы да түсінік беру .Олардың ерекшеліктерін, адам өміріне пайдасын,төрт түлік малға не жататынын, олардың төлдерін атап айтқызу арқылы ой – өрістерін кеңейту. <i>Күтілетін нәтиже:</i>Дауыс күшін өзгерте отырып ,әртүрлі интонацияларды жаңғыртады
Қазақ тілі	Қазақ тілі мұғалімінің жоспары бойынша
Математика негіздері	Балалардың білімдерін пысықтау. Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш)және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипаттау, сөйлеу десуынесімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша). Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Қарапайым себеп –салдарлық байланысты орнатады.
Сурет салу	Сурет салуда еңкеймей , арқаны тік ұстап , дұрыс еркін отыруға , жұмыс орнын таза ұстауға ,ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Жәндіктердің өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп, қанқызы суретін салуға үйрету. Түрлі-түсті карандаштармен жұмыс істеу дағдыларын бекіту.Қозғалыс дәлдігін, доғал және жан-жаққа бағытталған сызықтарды салу дағдыларын дамыту. Жәндіктерді бақылау ықыласына тәрбиелеу.Көрініс , көкжиек, кеңістік туралы түсініктерін бекіту.Жыл бойындағы жұмыстарының нәтижесіне баға беру, өз ойларынан сурет салуда белсенділігін арттыру, табиғаттың келбетін ,әр жыл мезгілдерінің ерекшелігіне тән белгілерді ажырата білу, пейзаж, композиция, түс және эстетикалық қабылдау сезімдерін дамыту.

	<i>Күтілетін нәтиже:</i> Бейнелейтін заттарды қарайды , қолмен ұстап зерттейді.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Орналасуына қарай бірнеше бөлшектерді жалғай отырып жасауға дағды қалыптастыру . Ермексаздың бөліктерін ұлуға ұқсайтындай спираль тәрізді етіп айналдырып жасау. Алақанымен ирелеңдетіп жазу арқылы шығармашылық әлеуетін арттыру . Белсенді әрі еңбекқор болуға тәрбиелеу.Жануарлардың ерекше сипатын ескеру барысында әртүрлі материалдардың көмегін қосымша пайдалану, Қиялын дамыту,қолының икемділігін , конструктивті ойлауын арттыру . Бастаған ісін аяғына дейін жеткізу мақсатқа талпынушылыққа тәрбиелейді. <i>Күтілетін нәтиже:</i>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтайды.
Жапсыру	Дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Аппликация жасаудағы техникалық дағды мен икемділікті дамыту, бөлшектерді ойдағыдай қылып орналастырып ,жабыстыруды үйрету . Желімді пайдалануды үйрету.Қолдың кіші моторикасын , ынтаны дамыту.Эстетикалық талғам мен көктемгі табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.Аппликациямен айналысуға деген ынтаны арттыруға, мейірімділік пен көмек көмек көрсетуге тәрбиелеу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды , жұмысты ұқыптылықпен орындайды.
Құрастыру	Шығармашылыққиялдыдамыту.Қауіпсіздік ережелелерін сақтауды үйрету . Құрастыруда шығармашылық танытуға ынталандыру.Инеліктің дене бөліктерін табиғи материалдардан дұрыс құрастыра білуге үйрету. Жан- жануарлар әлеміне деген қызығушылыққа баулу. Табиғи материалдарды пайдаланып көбелекті құрастыра білуге үйрету.Саусак бұлшықеттерін жетілдіру.Ой қиялын дамыту, құрылыс материалдарын тиімді пайдалануға баулу. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Құрастыруда шығармашылық танытады.
Музыка	Музыка жетекшісінің жоспары бойынша
Қоршаған ортамен таныстыру	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілікке ,өзара көмек беруге , ренжіген балаға жанашырлық танытуға баулу. Ренжеткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға дағдыландыру. Келісіп ойнауға , құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге ,айналасындағы болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп , өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым- қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру, амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызыметі үшін алғыс айту. <i>Күтілетін нәтиже:</i> Өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлықтанытады.Басқа балалармен бірге, келісіп ойнайды, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөліседі.

